

2025 жылдың 6 айлық сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің "Допингке қарсы ұлттық орталық" РМҚК (бұдан әрі – ДҚҰО) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

ДҚҰО-та жұмыс тобымен (бұдан әрі–жұмыс тобы) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау комплаенс - офицер А.Тоқабаев атынан жүргізілді.

Талданатын кезең: 2025 жыл 6 ай.

Персоналды басқарудағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері, оның ішінде кадрлардың ауысуы:

1. 2025 жылдың 6 айында ДҚҰО қызметкерлерінің саны 23 бірлік.
2. 2025 жылы 1 қызметкер жұмысқа қабылданды.
3. ДҚҰО—қа жұмысқа қабылдау КР Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.
4. Кәсіпорын қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді, сottылығы бар немесе жоқтығы туралы анықтамалар ДҚҰ-ның қызметкерлерімен уақтылы ұсынылған. Сыйбайлас жемқорлық бойынша жауапкершілікке тартылған қызметкерлер болған жоқ.
5. Қызметкерлерді аттестаттау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы №157 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Аттестаттаудан азаматтық қызметте болғаннан әрбір келесі үш жыл сайын, бірақ лауазымға орналасқан күннен алты айдан ерте емес өткізіледі.

6. Директордың жақын туыстарын жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ.

7. ДҚҰО-та еңбек дауларын қарau үшін келісім комиссиясы құрылған.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастырушылық-нормативтік қамтамасыз ету:

жыл бойы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы нормативтік - құқықтық базаның өзгерістеріне мониторинг жүргізілді; ДҚҰО заңгері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық базадағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлайды.

Қызметкерлермен жұмыс:

- мемлекеттегі сыйбайлас жемқорлық проблемасын, сыйбайлас жемқорлық көріністері үшін жауапкершілікті зерделеу жүргізіләп отырады;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие беру, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру, қызметкерлердің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру іске асырылада;
- құқықтық оқыту бойынша қызметкерлермен жоспарлы жиналыстар өткізілген.

Мемлекеттік сатып алушарлар:

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ашық конкурстар өткізу және баға ұсыныстарын сұрау жолымен жүзеге асырылады. Кәсіпорында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша өткізілетін әрбір конкурсқа жеке комиссия құрылады, жалпы сомасы 307 556,00 мың теңгеге 59 мемлекеттік сатып алу шарттары, соның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен жалпы сомасы 6 346,00 мың теңгеге 19 шарт;

- өткізілмеген сатып алуулар бойынша бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 1 428,3 мың теңгеге 7 шарт жасалды;
- ашық конкурс тәсілімен жалпы сомасы 30 632,7 мың теңгеге 2 шарт жасалды;
- тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 219 877,00 мың теңгеге 8 шарт жасалды.

Қаржы бөлімі (бухгалтер):

Есеп берулер тізімі:

1. Жалақының құрылымы мен бөлінуі туралы есеп.
2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы есеп.
3. Отын-энергия балансы.
4. Еңбек бойынша есеп.
5. Білім беру ұйымының көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есебі.
6. Ирі және орта кәсіпорындардың кадрлар саны мен кадрларға қажеттілігі туралы есеп.
7. Еңбек қызметіне байланысты жарақаттар және кәсіптік аурулар туралы есеп.
8. ЖТС мен әлеуметтік салық туралы декларация.
9. Активтерді, оның ішінде үй-жайлар мен автомобилдерді түгендеу.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

2025 жылдың 6 айда қызметкерлер мен азаматтардан өтініштер мен шағымдар түскен жоқ.

Ұсыныстар:

Келісім комиссиясының барлық мүшелері жыл сайын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша оқытудан өтуі тиіс.

Пайда болған бос жұмыс орындары З жұмыс күні ішінде enbek.kz сайтында жариялануы тиіс.

Қолданыстағы барлық еңбек шарттар, қосымша келісімдер enbek.kz сайтына енгізілуі тиіс.

Комплаенс-офицер

Токабаев А.К.

Таныстым



директоры м.а. Кәрімбай Е.Т.